

национально-освободительной борьбы в Латинской Америке. В повести «Похороны Большой Мамы» упоминается имя руководителя народного освободительного движения в Колумбии Симона Боливара. Писатель предпочитает на жизнь народа смотреть глазами самого народа. И в повести «Похороны Большой Мамы» речь идет о фантастическом крае Макондо, владельцем которого была Большая Мама. Она, как и все правители, наказывает, милует, одним словом, властвует. До нее единственными хозяевами этих земель в течение двух столетий были предки Большой Мамы. В повести правление Большой Мамы, длившееся с конца XIX до начала XX века, приводит к реальной истории- к гражданской войне в Латинской Америке, в том числе в Колумбии. В повести порой реальная история переплетается с писательским вымыслом, трудно понять, где явь, а где фантазия писателя. Эта повесть яркий

пример фантастического реализма творчества Габриэля Маркеса.

1. Q.Q. Marques. Vivir para contarlo. 2005, ctr. 305.
2. Г.Г.Маркес. Последнее плавание корабля-призрака. С.Петербург, Азбука-классика, 2006
3. Наедине со временем. Письма американских писателей. Сборник. М. Прогресс. 1988 (стр 9).
4. Qarsia Marques- "Vivir para contarlo". 2005, (səh 316)
5. Yenə orada. Səh...89
6. «Вопросы литературы»: 1980. №3. Писатели Латинской Америки. стр.36.
7. О.Х. Кардосо. Избранные рассказы. Москва. Художественная Литература (стр 7).

\* \* \*

In article it is a question of art reflection of a sociohistorical stage in G.G.Marquez's products which having begun with attempts to draw concrete signs of world around of the country, further could create the uniform and generalized vision of all validity of Latin America. Article is intended and can be interesting for laymen, to students and teachers philological faculties, the interested by G.G.Marquez's creativity, and also the Latin-American literature.

## Б. Құсаинов

### М.ӘУЕЗОВ «МАНАС» ЖЫРЫН ОРЫНДАУШЫ ҚЫРҒЫЗ ЖОМЫҚШЫЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Әдебиетші ғалым М.Әуезовтің фольклортану ғылымына сіңірген еңбегі зор. М.Әуезов халық әдебиеті нұсқаларын жинап қана қоймай, жүйелеп жанрына, мазмұнына құрылымына қарай топтастырып, тексеріп отырған. Алғашқы әңгімелері жарық көрген кезден бастап қаламгер ауызша тараған ұлт мұрасын терең игеруді өзінің бұлжымас бағыт-бағдары етіп белгілеген секілді. Ол халық әдебиетінің мың жылдық маржандарын хатқа түсіріп, баспасөз беттерінде жариялап тұрған. Оның «Әдебиет тарихында» талдаған шығармалары ғалым жазып алған дүниелердің молдығын көрсетеді. М.Әуезов халық әдебиеті үлгілерін ақын-жыраулар мұрасы ретінде, сонымен бірге ұлт тарихын қалыптастыруға қажетті дерек көздері әрі жаңа әдебиеттің жолын ашар рухани салт-сананың қайнар бастауы ретінде қараған. Мұның растығын қазақ прозасы мен драматургиясының қарыштап дамуына ықпал еткен жазушының шығармашылық тәжірибесі айқын дәлелдейді.

Кеңес үкіметі тұсында қырғыз халқының даңқы әлемге жайылған эпопеясы «Манасты»

алғаш рет түбегейлі зерттеген классик жазушы әрі ғалым М.Әуезов еді. Оның анау отызыншы жылдардың аласапыранында жариялаған монографиялық туындысы ешқашан өзіндік құнын жойымайтын еңбек. Кезінде ғалым осы зерттеу жұмысының негізінде «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттеріне мақала да бастырыпты. Ал «Манас» турасындағы кітап көп жылдар өткен соң, М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет» атты белгілі еңбектерінде жарияланды.

Ғалымның аталмыш еңбектерінде жырдың генезисі, сақталу сырлары, «Манасты» орындаушылардың рөлі, жыр оқиғасының қырғыз халқының тарихы мен байланысы, жырдың нұсқаларындағы айырым өзгешеліктер, эпостың көпқабаттылығы, эпикалық ортаның әсер-ықпалы, қаһармандық эпос поэтикасына тән өзекті мәселелер айқындалған.

М.Әуезов: «Импровизаторлық таланты күшті, шабыты тасып тоғілген жыршылар жаттап алған жырларын өзгерте, өз жанынан қоса отырып айтатын болған. Ал енді біреулер тек

естігендері мен жаттап алғандарын ғана айтқан», - [1] деп жырды орындаушылардың өзін екіге бөліп қарастырады. Ғалым мұндай түйін тұжырымға жайдан-жай келіп отырған жоқ, әрине. Ол «Манас» жырын ың айтулы орындаушылары Келдібек, Балық, Найманбай, Тыныбектер қалыптастырған жыр мектептерінің дәстүріне тоқталып, жырлаушыларды өз ара салыстырады, сөйтіп, «Манасты» айтушылардың табиғатына тереңдеп бойлайды. Осы еңбегінде ғалым жомоқшылардың жыр мәтінін үнемі толықтырып, байытып әкетіп отыратын ақындық қабілеті болғанын айтады. Айтушылардың жырды ұрпақтан ұрпаққа жалғап оның оқиғасын тілдік кестесін әбден жетілдіргені жөнінде бірнеше дерек ұсынады. «Балық-бергі заманда болған ақын. Балықтан кейін оның баласы атақты ақын Найманбай шығады. Балықтан бастап «Манасты» айтып таратуда кейінгі ұрпаққа беруде мирастық дәстүр туады...» [2]

Зерттеуші жыр шумақтарымен. күрделі мазмұнымен, құрылысымен таныса отырып, ортақ сарындардың қаншалықты қайталанып келетіндігіне назар аударады.

Түркі-монғол халықтарының қаһармандық эпосы жайында жазған зерттеуші ғалымдар бұл жырларды орындау біраз жұртта киелі мәнге ие болғанын айтады. В.Радловпен сөйлескен қырғыз манасшысы «Жыр жырлауды менің көмейіме құдай тағалам құйған, мен жырды іздеп жатпаймын да, жаттап та жүрмеймін. Жыр менің көмейімнен өзінен өзі төгіліп жатады.» - деп айтқан көрінеді. [3]

М.Әуезов те қырғыз жомықшылары арасында, ақындық жыршылық өнерді ғайыптан келген «қасиет», «керемет» деп қабылдаушылық кең жайылған. әбден қалыптасқан дәстүр екеніне тоқталады. Манасшылардың көбі бұл кәсіпті батырдың өзі аян бергеннен кейін ғана қолға алған.

Қырғыз манасшылары туралы академик Ә.Марғұлан: «Бұлардың барлығына ортақ нәрсе манасшы болардың алдында олардың түсіне Манас пен оның қырық шорасы кіріп, ақындық қасиетін олардың ауызына құяды-мыс. Содан «Манас» жыры оларға түсінде қонады деген ұғым болған. Мәселен, Қарашы жыршының қалай манасшы болғаны туралы халық аузында мынандай аңыз бар. Қарашы қой бағып жүрген әке-шешесі жоқ жетім бала екен. «Манас» жырын айтуға сондай құмар екен. Бір күні далада ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде соңынан ерген, астында аққұла ат мінген, басында үлкен найзасы бар, қызыл шырайлы кісі

аян беріп балаға келеді: «Бізді танысың ба?» - «Жоқ танымаймын». - «Танымасаң мен Манаспын, менің артымда тұрған Семетейдің шорасы Күл-Шора», - дейді. Таныстырып болған соң Манас: «Айт Манасты» - дейді. Қойшы бала: «Білмеймін, айта алмаймын» - дейді тартынып. «Олай болса, дауысыңды шығар, «а» де, ауызыңды аш!» - бала ауызын ашады. Манас баланың ауызына үш түкіреді. Содан былай Қарашы төкпе ыршы, манасшы болып кетеді», - деп жазады. [4]

Қырғыз аңыздарының желісіне қарағанда, «Келдібек жырлағанда киіз үй селкілдеп, айнала төңірек ұйып қалады екен, немесе қара дауыл соғып, ауыл маңын жұмбақ та, тылсым қалың қол қаптап, ат тұяғынан қара жер солқылдайды екен». [5]

Осындай наным-сенім монғол-бурят жұртында да болғанға ұқсайды. Олардың көнеден келе жатқан таным түсінігі бойынша, барлық батырлық жырда дәріптелетін тұлғалардың аруақтары келіп, жыр тыңдайды-мыс. Жыр көңілден шықса, оқиғалар өзгермей дұрыс баяндалса аруақтар риза болады да, дұрыс айтылмаса, бұлқан-талқаны шығып, ашуланып, жыр айтушыны өлімге бұйрады-мыс. [6]

Бұдан Е.Тұрсынов айтқандай, аруақтар культінің батырлар жырындағы оқиғаларды эпикалық кең құлашта суреттеу амалдарының орнығуына эпикалық әсерлеудің пайда болып, қалыптасуына көп әсер еткенін байқаймыз. [7]

Мифологиялық жырға тән ауқымдылықты осы жанрдың көркемдік бейнелеу құралдарын әрі қарай жетілдірген батырлық әңгімелерден де көреміз. Осыларға өмірден өткен тарихы тұлғаларға арналып айтылатын жоқтау, мадақтау өлеңдері қосыла келіп, оқиғаларды әсірелеп бейнелеу тәсілі қалыптасты дейміз.

М.Әуезов батырлық жырлардың ішкі бөлектеріне назар аудара отырып, олардың бастауында тұрмыс-салт жырлары жатуы мүмкін деп тұжырымдайды, Манастың өзі де керез, кошан (керез-өсиет, кошан-жоқтау) негізінде тууы сөзсіз екендігіне нақтылы мәліметтер арқылы сендіреді. Оған зерттеуші өз өмірінен мынандай мысал келтіреді. 1928 ж Пржевальск ауданы Бұғы руынан шыққан бір адамның айтуынан өз қолымен Балбай керезін жазып алыпты. Ол шақта әлгі керездің көлемі елу жол болған. Кейін Х.Қарасаев деген кісі сол керезді жаңағы ауданан шыққан басқа айтушыдан жазып алғанда оның жобасы 430 жолға көбейіп, батырлық жырға айналып кеткенге ұқсайды.

М.Әуезовтің Л.Соболевпен бірігіп жазған «Эпос и фольклор казахского народа» деген

очеркінің ең құнды бөлімі эпостың шығу тегіне, тарихына арналады. Олар батырлар жыры мен лиро-эпикалық туындылардың ішінде халықтың әдет-ғұрпын суреттейтін тұрмыс-салт өлеңдерінің мол кездесуіне баса назар аудара отырып, эпостық жырлар алғашында жоқтау, естірту сияқты халық әдебиетінің кең тараған жанрларынан тууы мүмкін, халық мұрасының шағын формаларынан ұзақ ауқымды шығармаға ауысуы заңды деп қарайды.

Ғалым «Манасты» өте ертеде. қадым заманда айтқан жыршылардың бірде-бірінің аты жұрт есінде не манасшылардың жырында сақталмағанын, оның түрлі себебін тарата келіп: «Мұнда әр жыршы эпостың қалай туып тарағанын және соны кімнен жаттап үйренгенін әдейі жасыратын тәрізді...

Қырғыз жомықшылығының арасында жырдың даруына, жырдың қонуына сенушілік болған. Сондықтан да «манастың нағыз майталман жыршылары өздері айтатын нұсқаны тәңірі бойға дарытқан қасиет, «Манасты» бастан аяқ білгізген де сол ғаламат күштің жемісі деп танытуға тырысқан...

«Манастың» әр жыршысы өз нұсқасын дербес деп санап, оны тәңірдің бойға дарытқан өнері, өзгеше қасиеті деп білген. Кейін бірде-бір жомықшы бұдан аттап өтпеген», - дейді.[8]

Эпосты айтушылармен кездесіп, талай туындыларды жазып алып жүрген М.Әуезов «Манасты» орындаушылар жайын тегін қозғап отырған жоқ. Өйткені қазақ ішіндегі жыршы – жыраулар шығарманы кімнен қалай үйренгенін жасырмайды. Қазақ жыршылығына тән қасиет-

ол жыршы өлең-жырға бала күнінен құмартады, өзінің де ақындық қабілеті болады. Сондықтан олар атақты жыршылардың соңынан еріп жүріп, жыр үйренеді, содан әрі қарай туындысын қайталап айтып машықтанады, әбден толысқаннан соң өз бетімен ел аралап жыр айтады, кейін өзі ұстаздық етіп, шәкірт даярлайды. Сонымен қазақ жырлары бір айтушыдан екінші айтушының қолына өтіп жетіледі, жаңа деңгейге көтеріледі.

Тағы бір айта кететін жайт-қырғыз жомақшылары «Манасты» ғана жырласа, қазақ жыршыларының репертуарларында «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларынан басқа мазмұны, сюжеті тұрғысынан бір-бірін мүлде қайталамайтын ондаған жырлар болады. Олар айтысқа қатысып, терме толғауларды да орындай береді. Қазақ жыршылығының үлкен шығармаларды орындамас бұрын әр түрлі күй тартқаны жайлы да деректер мол.

1. Әуезов М. Уақыт және әдебиет- А., 1962, 180-бет
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет- А., 1962, 189-бет
3. Радлов В.В. Образцы народной литературы северной тюркских племен. Наречие дикокаменных киргизов. Ч. II. С. П. Б., 1886, с. 599
4. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас»-А., 1971, 18-бет
5. Ауэзов М. Киргизская народная героическая поэма «Манас». - в кн: Киргизский эпос «Манас»- М., 1961, с. 22-23
6. Владимирцов Б.Я. Монголо-ойратский героический эпос. Пг., 1923, с. 37-39-38, 40
7. Тұрсынов Е. Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы // Қазақ тарихи жырларының мәселелері-А., 1979, 38-39 бет
8. Әуезов М. Шығармалар он екі томдық, - А., 1969, 11т.

**Б. О. Мамиева**

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ**

Ұлт қамқоры, табиғатынан ерекше дарын иесі, әдебиеттану саласында күні бүгінге дейін құнын жоймаған, болашақ ғылымға да сара жол сала берер тағылымды ой-пікірлер мен ғылыми тұжырымдарды соңына мирас еткен Ахмет Байтұрсыновтың мұралары туралы сан алуан ғылыми зерттеулер жарық көрді, әлі де жариялана бермек. Оның ақындық мұрасынан, саяси-қоғамдық көзқарастарынан, ғылыми-әдістемелік еңбектерінен, тіпті азаматтық,

адамдық қасиеттерінен тағылым алу, елінің ертеңі үшін күрескен ұлтжанды азаматтың өнегелі өмірін жастарымызға үлгі ету бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болуы заңдылық.

Қазақ даласының асыл перзентінің туған халқымыздың тарихы мен мәдениетіне қосқан үлесі қомақты. Ғалымның кез келген мәселеге байланысты айтқан ғылыми пікірлерінің маңызы зор, әсіресе, оның әдебиет теориясына қатысты